

Мүлікке салынатын салықты толығынан өндіріп алуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 21 сәуірдегі N 88 Павлодар облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 28 мамырда N 735 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ "Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңының 173-бабының негізінде, мүлікке салынатын салықты толығынан өндіріп алуды қамтамасыз ету, оған салынатын салық құнын объективті анықтау мақсатында

Ш Е Ш І М

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Мүлікке салынатын (жылжымайтын мүлік) салықты төлеуден бас тартушыларды, сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғаларды анықтау үшін облыс бойынша салық комитетіне (келісім бойынша), облыс бойынша статистика басқармасына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі тіркеу қызметі Комитетінің Павлодар облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі Орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) аталған субъектілер жөніндегі ақпараттарды үнемі өзара салыстырып отыруды жүзеге асыру ұсынылсын.

2. Облыс бойынша салық комитеті Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" K010155_ Кодексінің 16-шы тарауының 207-бабына сәйкес салық төлеушілердің объектілерді жасырып қалқандары үшін әкімшілік жазаға тарту жөніндегі жұмысты күшейтсін.

3. Мүлікке салынатын салықты (жылжымайтын мүлік) уақытында салу және өндіріп алу мақсатында облыс бойынша салық комитеті (келісім бойынша):

кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғаларды қайтадан есепке қою кезінде олардың жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттары мен салық салу мақсатындағы бағалау кесімдерін тапсыруларын ұ с ы н с ы н ;

кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғаларға мүлік салығы декларацияларымен бірге Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы "Бағалау қызметі туралы" Z000109_ Заңы 6-бабының 2-тармағына

сәйкес жылжымайтын мүлік пен салық салу үшін бағалау құқықтары бар мемлекеттік тіркеу жөніндегі құжаттарды қоса тапсыруды ұсынсын. 4. Осы шешімнің орындалуын бағалау облыс әкімінің орынбасары М.Н. Оспановқа жүктелсін. Облыс әкімі Оқығандар: А.Татарков В.Подольян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК